

«Күншуаю» бөбөкжай бакшасы МККК  
2025-20026ж

# «АЛТЫН КҮЗ»

«Айгөлек» тобы

## Алтын күз

**Мақсаты:** Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін таныстыру, табиғаттағы өзгерістерді бақылауға еңбекті құрметтеуге, жыл мезгілін сүйе білуге тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:** Балалар қараңдаршы, айнала қандай өдемі, егін пісіп, бақша толы өнім болды. Балалар сендерге жұмбақ жасырайын.

Жиып – теріп болатын

Қамбаға астық толатын,

Қызыл қырман ойнайтын

Өай мезгілде болатын. (Күз)

**Тәрбиеші:** Балалар табиғатта күзге дайындалып жатқан тәрізді. Бізге қонақ келе жатыр. Кім деп ойлайсыңдар?

Күз ханшайымы келеді.

Күз ханшайымы: Сәлеметсіздерме балалар! Апайлар!

Мен Алтын күз сары түске бояймын түз әкелдім, молшылық ала келдім.табиғатқа ерекше сән алып келдім. Мен өзіммен бірге байлығымды ала келдім! (себетті көрсету). Айтындаршы күзде қандай жемісін піседі.

**Тәрбиеші:** алтын күз балалардың сізге айтатын әні тақпақтары бар.

**Ән:** Күз келді.

**Тақпақтар:**

**Айым**

Берекесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді

**Фатима**

Күз келді, күз келді

Жапырақтар сызылды

Сары қызыл жасыл боп

Аулаға көп төгілді

Абдурахман

Жемісі мол теретін

Күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін

Жомарт екен күз деген

Мүсілім

Алқаптан бидайды

Қоймаға ел жинайды

Тырнасы тізілген

Ұнатам күзді мен

Азиза

Алмұрт, алма тәттіміз

Денсаулыққа дәруміз

Жеміс жесек күн сайын

Көңілді боп жүреміз

Санжар

Жеміс біздің досымыз

Күннен алған нұрымыз

Тәтті, дәмді, шырынды

Бәрін жақсы көреміз.

Мухаммад

Жүзім, өрік, шабдалы

Жеміс бақта самсайды

Күннің нұрын жинаған

Денсаулыққа пайдалы

Мақал: Балжан

Күздің әр күні - береке.

Жалғас

Күзде дала сары тон киеді

Әбдір

Күз – береке мезгілі

Әлинұр

Күз келсе - қамба толады.

Әміре С.

Күзде жеміс піседі, адам еңбегін біледі.

Күз ханшайымы: Жарайсыңдар балалар! Тамаша. Күз тек әдемілік емес, еңбек пен молшылықтыңда мезгілі.

Қане бәріміз ойын ойнайық.

Ойын: «Кім жылдам?» бір шеңберде қызыл түсті жемістер мен көкөністер, екінші шеңберде сары түсте жемістер мен көкөністер, соны орнын біреуден орнын ауыстыру.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалары!

Күз мезгілінде егіншілер егін орып, қамбаға арпа,, бидай толтырады.

Сары алтындай масақтар,

Толқып тұр дала төсінде,

Бүгінгі күзге арнау,

Берекелі күзге арнау.

Би «Масақтар»

Күз ханшайымы: Балалар сендерге рақмет! Өнерлі екенсіңдер. Сендермен ұштасатын уақыт келді. Сау болыңдар!

Тәрбиеші: Сау болыңыз Күз ханшайымы!

Тәрбиеші: Балалар күз берекенің, молшылықтың мезгілі. Бүгін сендер ән айтып, би билеп, тақпақ оқып күздің байлығын, сұлулығын көрсеттіңдер!

Осымен бүгінгі Алтын күз мерекеміз аяқталды.

